

Мухамеджанова Гульмира Тастемировнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты тақырыптағы 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған жұмысына

ПІКІР

Ұлттық мәдениетіміздің гүлденуі мен ұлтымыздың болашағы ана тіліміздің дамуына, оның қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен қанат жаюына байланысты. Қазақстан Республикасының «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» шешілуге тиіс міндеттердің бірі ретінде «... тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту. Тілдің мектепке дейінгі балалар мекемелерінен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі сабақтастықты қамтамасыз ету» деп, атап көрсетілген. Осы тұрғыдан алып қарасақ, ізденушінің зерттеп отырған жұмысы тың тақырып болып табылады.

Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын анықтап, оның әдістемесін жинақтау, тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну қарастырылып отырған еңбек тақырыбының өзектілігін, сонылығын айқындайды. Зерттеу жұмысында көтерілген мәселелер уақыт талабынан туындап отыр және қоғамдық қажеттілікті өтеуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушының түпкі нәтижесін күзиреттілік тұрғысынан бағамдауға басымдылық беріліп отыр. Ізденуші өзінің жұмысында осы мәселеге жан-жақты тоқталып, оқушының лингвомәдени құзыреттілігін тілдің көріктеуіш құралдары арқылы меңгертудің әдіснамалық, теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырған.

Еңбектің бірінші бөлімінде қазақ мектебінің 11-сыныбында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың теориялық негізі қазақ тілтанымындағы тілдің көріктеуіш құралдарын зерделеген ғалымдардың зерттеу еңбектері мен ой-пікірлеріне талдау жасау арқылы айқындалған. Қазақ әдеби тіліндегі тілдің көріктеуіш құралдарының ұлттық мәдениетімізді, ұлттық болмысымызды танытатын танымдық құбылыс екендігін тілдік фактілер арқылы дәйектеген. Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәденитанымдық мәнін айқындаған.

Ғылыми зерттеу жұмысының екінші бөлімінде жаңа білім беру парадигмасында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдіснамалық негіздері философиялық, әлеуметтік тұрғыдан айқындалып, оқушының психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалған. Тақырыпты меңгертуде оқушының жас ерекшеліктері мен дағдысын ескеру назарға алынып, өзіндік тұжырымдар жасалған.

Жұмыстың үшінші бөлімінде көріктеуіш тілдік құралдардың мектеп оқулықтарында қамтылуы және білім мазмұны жан-жақты сараланып, ізденуші аталған тақырыпты «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» атты таңдау пәнінің аясында меңгерткен. Ол үшін анықтау тәжірибесін ұтымды


жүргізе отырып, нені, қалай меңгертуге болады деген мәселелерді анықтап алған.

Ізденушінің зерттеп отырған тақырыбын терең меңгергені жұмыстың әр бөлімінен байқалып тұр. Әр бөлімдер, бөлімдегі тармақтар бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен сабақтасып, бір өзекке негізделіп, тілдік көріктеуіш құралдар арқылы оқушының лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Қалыптастырушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінен жұмыстың әдіснамалық, теориялық негіздерінің нақты айқындалғанын, оның әдістемелік жүйесінің ұтымды болғанын байқаймыз. Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы әрбір тұжырымның, түйіннің тәжірибеде анықталып, дәлелденген ғылымилығымен ерекшеленеді. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі әдіснамалық, теориялық тұрғыда сипатталып, тәжірибеде анықталған.

Г.Мухамеджанова өзінің ғылыми жұмысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген. Атап айтқанда, 11-сынып оқушыларының лингвомәдени құзыреттілігін тілдік көріктеуіш құралдар арқылы қалыптастырудың әдіснамалық, теориялық негіздері айқындалған; қазақ тілтанымындағы тілдік көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипаты дәйектелген; тақырыпты меңгертуге негізге алынатын психологиялық, педагогикалық ой-тұжырымдар сараланған; тақырыпты терең әрі сапалы меңгертудің әдістемелік жүйесі ұсынылған; «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» атты таңдау пәнінің білім мазмұны анықталған; жұмыстың нәтижесі эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген; жұмыс бойынша 16 ғылыми мақала жарияланған.

Қорыта келгенде, Мухамеджанова Гульмира Тастемировнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын талапқа сай дайындалған, қорғауға ұсынуға болатын ғылыми еңбек деп есептейміз.

Отандық ғылыми жетекші
п.ғ.д., доцент



Р.С. Рахметова